



**Дүкен (Дулат) Мәсімханұлы** 1963 жылы Қытай Халық Республикасының Шыңжаң өлкесіне қарасты Текес ауданында өмірге келген

Ол 1987 жылы Пекиндегі Орталық ұлттар университеті филология факультетінің аудармашы-филолог мамандығын тәмамдады 1987 – 1993 жылдары Үрімжі қаласындағы СУАР Гуманитарлық Ғылымдар Академиясының әдебиет институтында ғылыми қызметкер 1993 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік ұлттық Университетінің арнайы шақыруымен атамекенге оралып, сонда ұстаздық етті 1999 – 2002 жылдары аталған оқу орнының Қиыр Шығыс елдері кафедрасына басшылық жасады 1999 жылдан ғылым кандидаты, доцент Қазір Астана қаласындағы Л Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Шығыстану кафедрасының меңгерушісі

Бүгінге дейін Дүкен Мәсімханұлының "Жүрекке саяхат" (Үрімжі, 1991 ж), "Семсер суы" (Алматы, 1998ж), "Көкпар" (Алматы, 2003 ж), "Алтынның буы" (Пекин, 2006 ж) атты жеке жыр жинақтары, "Жыр-Жебе" (монография Алматы, 2000 ж), "Сарап" (ғылыми зерттеу мақалалар жинағы Астана, 2001 ж) "Сөз – желкен" (монография Алматы, 2005 ж) атты зерттеу кітаптары жарық көрді Бұдан сырт 150-ден астам ғылыми-зерттеу мақалалары республикалық түрлі ғылыми басылымдарда жарияланды Аудармашы ретінде Дүкен қытай тілінен "Жер шарының қызыл белдеуі" (Үрімжі 1992 ж) атты романды, "Машина адам Л М" (Үрімжі, 1989 ж) деп аталатын фантастикалық әңгімелер жинағын, "Шыңжаңда өткен тарихи қайраткерлер" (Үрімжі, 1992 ж) атты мақалалар жинағын, сондай-ақ қытайдың классик жазушысы Лу-Шүньнің көптеген шығармаларын тәржімалады Ол ұстаз ретінде "Қытай фонетикасының негіздері" (2002 ж), "Қытай филологиясына кіріспе" (2004 ж) атты оқулықтардың, сондай-ақ көптеген ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы

Бүгінде ақын, қытайтанушы ғалым, аудармашы ретінде Дүкен – ҚХР Жазушылар одағының, ҚХР Түркологтар қоғамының ҚХР аз ұлт жазушылары ғылыми қоғамының, Қазақстан Жазушылар одағының және Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі

2003 жылы қараша айында Елбасы жарлығымен ҚР Президенті Ұлттық кеңесінің мүшесі болып тағайындалды

821.512.122

Дүкен МЭСИМХАНҰЛЫ

с.с.с.  
М36  
К

**МУХТАР ӘУЕЗОВ**  
**және**  
**ЛУ-ШУН**



**穆赫塔尔·阿吴艾佐夫**  
**与**  
**鲁迅**

**монография**



МІНДЕТТІ АҚЫСЫЗ ДАНА  
ОБЯЗАТЕЛЬНЫЙ  
БЕСПЛАТНЫЙ ЭКЗЕМПЛЯР

“Балалар әдебиеті” баспасы —  
2007 жыл

821.581

ББК 83.3

М 36

М 36/36

**БАСПАҒА Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ  
ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ҒЫЛЫМИ  
КЕҢЕСІ ҰСЫНҒАН**

**Жауапты ғылыми редактор:**

*Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Ғылым академиясының академигі,  
филология ғылымдарының докторы,  
профессор Р.Нұрғали*

**Пікір жазғандар:**

*филология ғылымдарының докторы,  
профессор Тұрсын Жұртбай*

*филология ғылымдарының докторы,  
профессор Қансейіт Әбдесұлы*

**Мәсімханұлы Д.**

**М 36 Мұхтар Әуезов және Лу-Шүн: Монография. –  
Алматы: “Балалар әдебиеті” баспасы, 2007. – 360 бет.**

ISBN 9965-650-84-5

Қытайтанушы ғалым, ұстаз, аудармашы Д.Мәсімханұлының бұл еңбегінде М.Әуезов пен Лу-Шүн, XX ғасыр басындағы қазақ және қытай әдебиеттері, аталған екі ұлы суреткер шығармаларындағы ұлттық дәстүр мен жаңашылдық тақырыбы салыстырмалы әдебиеттану ғылымының принциптері тұрғысынан жан-жақтылы қарастырылады. Сонымен бірге тақырып қажетіне қарай қазақ және қытай халықтары рухани, мәдени қарым-қатынасының бастаулары да кеңінен сөз болады.

Зерттеу қазақ әдебиеттану ғылымы, салыстырмалы әдебиеттану, шығыстану, мәдениеттану ғылымы саласындағы мамандарға, жоғары оқу орындарындағы қазақ әдебиеті, шетел әдебиеті, әдебиеттану, қытайтану, мәдениеттану мамандықтарында оқитын студенттерге, сондай-ақ XX ғасыр басындағы қазақ және қытай қоғамын. оның саяси-әлеуметтік жағдайын, мәдениеті мен әдебиетін білгісі келетін жалпы оқырманға арналған.

М 4603020000 / 00(06)–07

ҚА РЕСПУ ҰЛТТЫҚ №	184966	©
----------------------------	--------	---

ББК 83.3

Мәсімханұлы Д., 2007  
“Балалар әдебиеті”  
баспасы, 2007

ISBN 9965-650-84-5

## КІРІСПЕ

XX ғасырдағы әлемдік классиктер қатарынан талассыз орын алған ұлы суреткер, ірі ойшыл Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің Қазақ елінде зерттелуінің қай деңгейге жеткенін бағамдау үшін, ол туралы бұл арада ұзақ-сонар сараптама жасап, таразылап-талқылап жатқаннан гөрі, бір ауыз сөзбен бұл күнде Қазақ елінде “әуезовтану” деп аталатын тұтас ғылымның қалыптасқанын айтқан кұпая болар еді. Атап айтқанда ұлы жазушының өмір соқпағы, прозасы, аудармалары, сахналық шығармалары, көсемсөздері, ғылыми еңбектері, қоғамдық қызметтері, хаттары... туралы зерттеулердің ауқымы жылдан-жылға өсіп, жүйеленіп, тереңдеп, салаланып келеді. Әрине, ғылымның сөресі болғанмен, мәресі болмайтынын ескерсек, кім-кім де, қай кезде де “Әуезовті ақыр-ақыр зерттеп болдық” деп айта алмаса керек. Тағы бір жағынан өмірдің өз заңы бойынша заман озады, ұрпақ ауысады. Соған ілесе таным, талғам, ой-сана өзгереді. Ғылыми зерттеудің жаңа өрістері, тың мүмкіндіктері ашылады. Сөйтіп қандай ғылымның қосыны болса да жаңа буынмен толығады. Ал әрбір жаңа буын ғылым атты ұлы теңізге шетінен дария болып құйылмағанмен, біреулері бұлақ, біреулері тамшы болып болса да қосылары хақ. Бұл әрине, басы ашық өмірдің де, уақыттың да, ғылымның да даму заңдылығы.

Тағы бір жағынан Әуезов секілді ұлы суреткердің көркемдік әлемі, ой-сана қазынасы, өмір иірімдері зерттеген сайын, зерделеген сайын жаңа қырынан ашыла түспек. Өйткені артына ұшан-теңіз мол мұра қалдырған, “соқтықпалы, соқпақсыз” заманда ғұмыр кешкен ойшыл суреткердің эстетикалық қатпары қалың, философиялық мазмұнға бай әдеби шығармалары болсын, жұмбаққа толы, күрделі өмір иірімдері болсын, шығармашылық психологиясы мен қаламгерлік өсу жолы болсын әлі де болса әр қырынан үңілуді, тіпті де

тереңірек қарастыруды талап етеді. Сөздің осы тұсында белгілі әуезовтанушы ғалым, академик Р.Нұрғалидің: “Мұхтар Әуезов — шығармалары ұлттық шеңберден шығандап көтеріліп, әлемдік мәдениеттің қымбат қазынасына толымды қор болып қосылған ұлы суреткер. Сондықтан бүгінгі таңда туған жекелеген байсалды еңбектерге қарамастан, оның мұрасы әлі де ұзақ уақыт жан-жақты, сан алуан, әр бағыттағы зерттеулердің объектісі болуы қажет... Қазақ әсемдік ойы тарихында ерекше құбылыс — М.Әуезов туындылары идеялық-көркемдік, бейнелік, жанрлық ретпен де, ізденіс өрістері, қаламгерлік эволюция тұрғысынан да ақтара қарап, саралауды талап етеді” [1,247], — деген сөзі мен академик Р.Бердібайдың “Заманымыздың ұлы суреткері, аса көрнекті ойшылы Мұхтар Омарханұлы Әуезов қазақтың ХХ ғасырдағы көркемдік мәдениетін жаһандық биікке жеткізгені, ұлт әдебиетінің абыройын әлем көлеміне көтергені мәлім... Ал осы даңққа бөленген жазушымыздың шығармашылығы жан-жақты зерттеліп, сан алуан қасиеті ашылып болды деуге әлі ерте” [2,92], - деген сөздері ойға оралады. Демек М.Әуезов әлемінің әлі де болса ашылмаған қырлары, “ақтара қарап, саралауды талап ететін” ой қазынасы аз емес деген сөз. Тағы бір жағынан, бұның өзі түштеп келгенде, Әуезовтің өзі үшін түкке де керек емес. Яғни Әуезовтің ұлылығын ашу, философиялық, эстетикалық мұқамалға бай мұраларын зерттеу — қазақ әдебиеттану ғылымы үшін, қазақ халқының ой-сана мәдениеті үшін, бір ауыз сөзбен айтқанда жаһандану заманында қазақтың қазақ болып қалуы үшін керек.

Иә, “жаһандану заманы” деген ұғымның өмірімізге енгеніне де біраз жылдың жүзі болды. Алайда бұл үрдістің болмысын, мінезін, сыр-сипатын біз қаншалық бағамдап жүрміз?! Ал бұл мәселеге Қазақстан секілді халық саны аз, жас мемлекеттерді былай қойып, небір қатепті, алып елдердің өзі алаңдаулы. Бәрі жаппай шығар жол іздеп әлекке түсуде. Бұл “әлектің”, әрине, себебі, негізі жоқ емес. Бүгінгі бізге келіп жеткен шет-жағасының өзі ұлттық болмыс-бітіміміз бен рухани-мәдени құндылықтарымызға өз көлеңкесін түсіре бастаған жаһандану үдерісі — егер біз, бүгін өзіміздің рухани құндылықтарымыз бен ұлттық рухымыздың алып дінгектері болып табылатын ұлы тұлғаларымызды ұрпақ санасына мықтап сіңіре алмасақ, оларды өз деңгейінде әлемдік ой-сана қазынасына қоса алмасақ, сол арқылы өз ұлттық болмыс-

бітімімізді, тағдырымызды сақтап қалуға қарекет жасамасақ, онда ертең ұлт ретінде тарих сахнасымен қош айтысуға мәжбүр болатынымызды аңдатып отырғандай. Ал біздің оған қарсы ұстар қалқанымыз, шығар жол табуда қолға ұстар басты шырағымыз әдебиетіміз бен мәдениетіміз, жалпы ұлтты ұстап тұрған рухани ұстындарымыз. Егер біз жоғырыда айтқан өзіміздің рухани құндылықтарымыз бен ұлттық рухымыздың алып дінгектері болып табылатын ұлы тұлғаларымызды зерттеп, зерделеп, әлемдегі қай халықпен де, әрқандай мемлекетпен де тереземіз тең жағдайда, үзенгілесе, иықтаса өмір сүруге хақымыз бар екендігін өз ұрпақтарымызға да, өзгелерге де дәлелдеп бере алсақ, онда біз жаһандану үдерісінің тек оңды, тиімді жақтарынан ғана игіліктенетін боламыз.

Демек жаһандану деген шипасы жоқ дерт, асуы жоқ асқар шың немесе төніп келе жатқан алапат-аждаһа емес. Егер өзімізде ықылас, қам-қаракет болса, онда оның ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетімізге, өнерімізге — жалпы ұлттық құндылықтарымызға тигізетін әрқандай кері ықпалының алдын алуымызға болады. Бірақ басы ашық бір нәрсе — одан шегінер жер жоқ. Ал ақаусыз алға жылжудың, дағдарыссыз дамудың жолы — тек өзіміздегі барды бағалай білу, оны өзгеге базарлата білу, жоқты табу, кемді толтыру. Бұл ұлттық мәдениетіміздің қай саласына да қатысты пікір. Себебі жаһандану о баста экономикадан (глобальный экономический рынок) басталғанымен, кейіндеп, тіпті соңғы 4—5 жылдың көлемінде саясаттағы жаһандану, қорғаныс істерінің жаһандануы, экологиялық жаһандану, мәдени жаһандану... қатарлы салалар бойынша ауқымын кеңге жая түсті.

Тіпті жаһанданудың жойқын үдерісі ұлттық тіл мен ұлттық территорияны әуел баста-ақ өзінің басты нышаны, өзекті өлшемі еткен “ұлттық әдебиет” атты ұғымның өзіне белгілі деңгейде өзінің кері ықпал-әсерін тигізе бастағаны белгілі. Ал оның есесіне салыстырмалы әдебиеттану ғылымына жаңа өріс ашып берді. Өйткені жалпыға мәлім болғанындай, “ұлттық әдебиет” ұғымы XVI ғасырда ұлттық мемлекеттердің жаппай бой көтеруі мен ұлттық тіл бірлігі мәселесінің тарих сахнасына атойлап шығуына ілесе өмірге келген мәдени, идеологиялық құбылыс болатын. Сондықтан ұлттық әдебиет о баста-ақ өңірлік, ұлттық, тілдік, мәдени ерекшеліктерді өзінің басты қайнар бұлағы, тіршілік тынысы, бет-бейнесінің қалыбы етіп қалыптасты. Ал салыстырмалы әдебиеттану

болса, өмірге жолдама алған күннен-ақ ұлтаралық, мәдениет-аралық ұғымдарды басты тұғыр ете отырып, алды-алдына “би” болған, жеке-дара өмір сүріп жатқан ұлттық әдебиеттерді “ымыраға” шақырумен бірге, олардың арасындағы ықпалдас-тықтар мен үндестіктердің себеп-салдарын, қыр-сырын, заңдылықтарын ашуды басты мақсұт еткен болатын. Бұл туралы АҚШ-тың салыстырмалы әдебиеттанушы ғалымы, профессор Рене Вэллек өзінің “The Name and nature of Comparative literature” (“Салыстырмалы әдебиеттанудың аталымы мен сипаты”) атты еңбегінде: “Салыстырмалы әдебиеттану — барлық әдебиеттерді халықаралық көзқараспен зерттейтін ғылым. Зерттеу барысында ол саналы да мақсатты түрде барлық әдеби шығармашылықтар мен тәжірибелерді бүтін бітім ретінде қарастырады. Осы түсінікпен қарайтын болсақ, салыстырмалы әдебиеттану ғылымы — лингвистика, антропология, саясаттану секілді дербес ғылымдардан тыс, әдебиеттану ғылымы атаулының бәрімен де сарындас, тамырлас” [3], — деген болатын. Демек салыстырмалы әдебиеттану ғылымы ұлттық әдебиеттердің тілдік, ұлттық, жерлік шеңберлерін бұза отырып, жалаң тілдік әдеби контекске, оның ішкі мазмұндық қатпарларына жан-жақтылы, салыстыра, салғастыра қарауға мол мүмкіндік туғызды. Сол арқылы әдебиеттер арасындағы байланыстардың, әр ел жазушылары шығармаларындағы үндестіктер мен ерекшеліктер сырын бағамдауға кен өріс ашып берді. Бейнелі сөзбен айтатын болсақ, әрбір ұлттық әдебиет жалғыз-жалғыз, дара-дара, құнды, асыл тастар болатын болса, салыстырмалы әдебиет оларды тізбектеп алқамоншаққа, інжу-маржанға айналдыратын рухани “ұстахана” қызметін атқарып отыр. Ал осынау әлемдік “алқамоншақтың” қатарына қояр асылдарға, құдайға шүкір, біздің халқымызды тағдыр ешқашан кенде қылған емес. Біздің еліміздегі сондай тұлғаның, әлемдік деңгейдегі ұлы суреткердің бірі М.Әуезов. Оның “баға жетпес әдеби мұрасының — көркем туындылары мен ғылыми зерттеу еңбектерінің, мақалаларының — дүниежүзілік әдебиет пен мәдениетке зор үлес, асыл қазына болып қосылғаны” [4] ақиқат. Сондай-ақ М.Әуезов өзінің талантты туындылары арқылы “қазақтың психологиясын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, күллі өмірін Ресейге, Англияға, Францияға, әлемнің төрт бұрышына таныстырғаны” [1,248] да белгілі. Бұл даусыз, талассыз ақиқат. Ал біз М.Әуезовтің ұлы суреткер екендігін әлем жұртына одан сайын

таныта түсуде, оның әлемдік әдебиет алыптары қатарынан алған лайықты орнын тұрақтандыру жолында қаншалық тер төге алып жүрміз деген сұрақ, әрбір саналы азаматты мазалауға, толғандыруға тиіс. Әрине біз жоғарыда айтқанымыздай елімізде, өз жерімізде М.Әуезов туралы зерттеудің тұтас ғылымға айналғанына көз жұмбаймыз. Бұл арада сөз ұлы жазушы шығармашылығын дүниежүзі халықтары әдебиеттерінің алыптарымен салыстыра отырып, оның әсемдік әлемін әлем оқырмандарына таныту, сол арқылы оның шын мәніндегі, ғаламдық деңгейдегі ұлы суреткер екендігіне өзгелердің көзін жеткізумен бірге, оны өз ұрпақтарымыздың да санасына орнықтыру мәселесі төңірегінде болып отыр. Өйткені сонда ғана біз әлем жұртшылығына жер шарының бір түкпірінде қазақ дейтін елдің бар екендігін, оның өскен-өркендеген әдебиетінің бар екендігін, әлемдік деңгейдегі ұлы суреткерлері бар халық екендігін паш ете аламыз. Оның ең төте жолы — өзіміздің осындай баға жетпес “асылдардымыз бен алыптарымызды” өзгенің әлдеқашан әлемдік “алқа-моншаққа” айналып кеткен алыптарымен салыстыра қарастырып, оның сипатын, әсемдік әлемін, ой-сана қазынасын ашу, дәлелдеу.

Осындай елдік ұлы мүдделерге өз деңгейімізде болса да қал-қадари үн қоссақ, ештеп болса да қозғау салсақ деген мақсатпен, біз қазақ және қытай әдебиетін, ондағы дәстүрлі мәдениет пен жаңашылдықтың бейнеленуі мәселелерін салыстырмалы әдебиеттану ғылымының принциптері тұрғысынан салыстыра, салғастыра қарастыруға ниеттендік. Алайда қазақ әдебиетінің де, қытай әдебиетінің де ұшы-қиырсыз мол дүние, шетсіз-шексіз әлем екендігін ескерсек, екі әдебиетті тұтас алып салыстыра қарастырып шығу тіпті де мүмкін емес. Сондықтан біз аталған екі халық әдебиетінің ең озық өкілдері, ұлы суреткерлері М.Әуезов пен Лу-Шүн шығармашылығын негізге алуды күй көрдік. Бұл М.Әуезов пен Лу-Шүн шығармашылығын салыстыруымызға мұрындық болған бірінші себеп. Екінші себеп, аталған екі ұлы суреткердің өмір сүрген кезеңдерінен тартып, туған елдеріндегі саяси-әлеуметтік жағдайдың сипаты, олардың өз елдеріндегі әдебиеттің іргесін қаласудағы атқарған миссиялары, сусындаған, нәр алған бұлақ-бастаулары, шығармаларындағы сарындастықтар мен өзіндік ерекшеліктер, қала берді жеке тағдырлары, өмір иірімдері т.б. толып жатқан құбылыстар — екі қаламгерді өзара салыстыра қарастыруға өз-өзінен сұранып тұрғандығы. Үшінші себеп,



әріне, жоғарыда айтқанымыздай, Әуезовтің әсемдік әлемінің өзіндік қырларына тереңірек үңілу үшін, оның жазушылық таланты мен қаламгерлік психологиясын жан-жақтылы қарастыру үшін, сондай-ақ М.Әуезовтің әлем әдебиетіндегі кез-келген ұлы қаламгермен тең тұра алар талантын, шығармашылығын миллиардтар елінің қапысыз классигі саналып жүрген Лу-Шүн шығармашылығымен салыстыра отырып қарастыру басты мақсұт болды. Төртінші себеп, Лу-Шүн шығармаларын, ХХ ғасыр басындағы қытай әдебиетін қазақ әдебиетімен, М.Әуезов шығармашылығымен салыстыра отырып, Лу-Шүннің өмір сүрген кезеңін, шығармаларындағы ұлттық дәстүр мен жаңашылдықтың бейнеленуін, сондай-ақ қазіргі заманғы қытай әдебиетінің қалыптасу барысын, Лу-Шүн шығармаларында бейнеленген қытай халқының ұлттық менталитетін қазақ елінің оқырмандарына таныстыру да біздің түпкілікті мақсатымыздың бірі болғандығынан. Ал бұл дегеніңіз, түптеп келгенде Қазақ еліндегі әрісі қытайтану ғылымын, бері болғанда лу-шүнтану ғылымын қалыптастыруға, оның дамуына өз септігін тигізер игі қадам болады деп сенеміз. Сөзіміздің осы тұсында біз, жалпы қытайтану ғылымы туралы, оның Қазақ еліндегі көкейкестілігі туралы аз-кем тоқтала кетуді парыз санап отырмыз.

Жалпыға мәлім болғанындай, ХХ ғасырдың 90-жылдарының басында Еуразия құрлығындағы алып держава — КСРО-ның шаңырағы шайқалып, іргесі сөгілді. Сонымен осы “кеңестік одақтың” құрамында 70 жылдан аса бодан болған елдер өз азаттықтарын алып, тәуелсіздіктерін жариялай бастады. Осы қатарда бодандық бұғауынан құтылған Қазақ елі де дербес мемлекет ретінде халықаралық қауымдастық айдынына келіп қосылды. Алыс-жақын шетелдермен барыс-келіс, қарым-қатынас дегендердің бәрін бұрын Мәскеу өзі реттеп келген болса, ендігі жерде бұл миссияны жүзеге асыру — Қазақ өкіметінің төл міндетіне айналды. Алайда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында еліміздің азаматтары арасынан батыс елдерінің, ішінара мұсылман Шығыс әлемінің тілі мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін білетін маман-кадрлар азды-көпті табылғанымен, Шығыстың өзге елдерінің, соның ішінде, Шығыс Азия елдерінің, әсіресе, Аспан асты елінің тілі мен мәдениетін білетін мамандар жоқтың қасы еді. Бірлі-жарым оқығандардың өзі кеңестік Қазақстанда сәйкес сала-

ның болмауына байланысты, өзге салада жұмыс істеуге мәжбүр болғаны жасырын емес.

Кеңес одағы ыдырап, еліміздің тәуелсіз, дербес мемлекет болғанына он бес жылдан асып, он алтыншы жылға аяқ басып барады. Осы уақыттар ішінде бұл олқылықтың орнын толтырудың да алғашқы қадамдары жасала бастады. Атап айтқанда, бүгінде елімізде қытайтанушы мамандардың жас та білікті шағын шоғыры қалыптасты. Ал Қазақстанның өткен он бес жылындағы сыртқы саясатына сәл ғана назар аударып, азды-көпті үнілгеннің өзінде, Шығысымыздағы алып көршімізбен саяси, экономика, шекара, қорғаныс т.б. салаларында ғана емес, мәдени, рухани салаларда да қарым-қатынастың күн санап нығайып келе жатқаны бірден аңғарылар еді.

Әрине, адамзат қоғамының тарихи сабақтары дәлелдеп бергеніндей, мәдени ауыс-күйіс пен рухани түсіністік негізіне құрылған тату көршілік, достық қарым-қатынастар ғана баянды болмақ. Бұл мақсатқа жету үшін біз ол елдің (бұл арада сөз тек Аспан асты елі туралы ғана емес, қарым-қатынас орнатпақ болған кез-келген шет мемлекет деп түсініңіз) тілі мен әдебиетін, тарихы мен мәдениетін, бір ауыз сөзбен айтқанда, ол халықтың рухани құндылықтарын жете меңгеру міндеті мойнымызға өз-өзінен жүктеледі. Ал бұл міндетті орындаудың сан түрлі мүмкіндігі, алуан-алуан жолы бар. Сол мүмкіндіктер мен жолдардың ішіндегі біршама қолайлысы — өзіміздің мәдени құбылыстарымызбен, ұлттық рухани құндылықтарымызбен өзгенікін салыстыра, салғастыра қарастыру. Сол арқылы біз өзге жұрттың ұлттық мәдениетінің, рухани құндылықтарының ерекшелігін, сондай-ақ ұлттық таным-пайымы мен мұрат-мақсатын да танып-білуге мүмкіндік аламыз. Өйткені қандай құбылысқа болса да салыстыру, салыстыру арқылы һәм жылдамырақ һәм айқынырақ көз жеткізуге болатындығы практика жүзінде дәлелденген ақиқат.

Жоғарыда айтқанымыздай, тәуелсіздігін жаңа алған, жас, демократиялы мемлекет — Қазақстан Республикасы мен ежелгі алып ел, компартия басшылығындағы социалистік мемлекет — Қытай Халық Республикасы арасындағы күн санап қарқын алып келе жатқан тату көршілік, достық қарым-қатынас — ең әуелгі кезекте әрісі біздің еліміздің жалпы тұрғындарына, берісі зиялы қауым мен жас ұрпаққа Қытай елін тану, Хань халқының ұлттық менталитетін білу міндетін жүктеп отыр десек еш артық айтқандық емес. Себебі демімізге

демі тиіп, іргемізде жатқан миллиардтар елінің қыр-сырын жетік білу — тек екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты ақаусыз, бейбіт, қатар өмір сүру принциптері негізінде дамыту үшін ғана емес, түптеп келгенде ел қауіпсіздігі мен мемлекет тағдыры үшін де ерекше маңызға ие стратегиялық шара. Бұл секілді аса маңызды рухани әрі стратегиялық шараға біз енді-енді ғана мойын бұра бастаған болсақ, әлемнің көптеген өркениетті елдерінде бұл шара тым ертеде-ақ қолға алынғаны мәлім.

Ал өз еліміздегі қытайтанудың жағдайына келетін болсақ, “қытай, қара қытай, қытай елі, Шын-Машын, Шүршіт, Табғаш...” деген атаулар көзқарақты қазақ баласына аса беймағлұм ұғымдар болмауға тиіс. Өйткені бұл атауларды тарихтың әр кезеңдерінде қазақ халқы күнделікті пайдаланып қана қоймай, сол бір тарихи кезеңдерге лайық өздерінің қытай туралы түсінік-пайымдарын ауызша да, жазбаша да таратып, ұрпақ санасына сіңіріп отырды. Мәселен, “Күлтегін” ескерткішінен: “6. Бектерінің, халқының ымырасыздығынан, Табғаш халқының тепкісіне көнгендігінен, арбауына көнгендігінен (сенгендігінен), іні-ағалының дауласқандығынан, бекті-халқының жауласқандығынан Түркі халқы елдігін жойды. 7. Қағандығынан айырылды; Табғаш халқына бек ұлдары құл болды, пәк қыздары күң болды. Түркі бектер түркі атын жоғалтып, табғаш бектерінің табғаш атын тұтынып, табғаш қағанына бағынды, елу жыл ісін-күшін берді” [5], — деген рәуіштегі жолдарды көптеп ұшыратамыз. Әрине бұны қатепті, жүйелі “қытайтану” ғылымының төл пікірі десек, әрине, әбестік болар еді. Дей тұрғанмен біздің ата-бабаларымыз бен Табғаштар арасындағы тарихи қарым-қатынасты саралауда, Түрік-Табғаш елдерінің бағзыдағы әскери, әлеуметтік әлеуетін қарастыруда өзіндік дәлел-дәйек болары даусыз. Ал бұдан өзге де халық фольклорындағы “ақырзаман болғанда жердің бетін қара қытай қаптайды”, “көзі қысық, тісі қисық көршің болады”, “орыс темір нокта, қытай қайыс нокта” немесе “орысқа ойыңды, қытайға қиялыңды айтпа” [6] деген секілді қысқа да болса елге елді танытуда зілмауыр жүк арқалап тұрған нақыл сөздердің танымдық құнын бағаламауға хақымыз жоқ. Өйткені атамыз қазақ не туралы болса да том-том кітап жазбай-ақ, өмір, қоғам, жаратылыс, өнер-білім т.б. туралы түсінігі мен танымын қысқа әрі нұсқа, нақты әрі образды, аз сөзбен таудай мағына беретін мақал-мәтел, нақыл сөздерге

сыйғызып кеткені белгілі. Сондықтан халық ауыз әдебиетіндегі қытай (Табғаш, Шүршіт...) жөніндегі танымдық мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер халқымыздың Аспанасты елі жөніндегі сан ғасырлық танымына, қам-қарекетіне қыбланама болып келгені айдан анық.

Түптеп келгенде фольклордың аты фольклор да, ғылымның аты ғылым. Демек фольклорлық шығарма деректері қосымша дәлел-дәйекке жарағанымен, ғылыми еңбектің орнын ауыстыра алмайтыны белгілі. Осы тұрғыдан келгенде қазақ топырағындағы қытайтанудың алғашқы мұзжарғышы ғұлама ғалым Шоқан Уәлиханов болды деуге толық негіз бар. Оның сонау 1856 жылғы Қытай сапарынан жазылған “Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы” деп аталатын саяхат күнделігі қазақ топырағындағы қытайтану ғылымының алғашқы ғылыми үлгісі деп айтуымызға әбден болады [7]. Себебі ғалымның бұл еңбегі жай-әншейін жолсапар естелігі ғана емес, қытайдың дәстүрлі тұрмыс-салтына жасалған тамаша этнографиялық сипаттама екендігі арғы-бергі, алыс-жақынның бәрі мойындаған ақиқат. Өкінішке орай, Ш.Уәлиханов сәтті бастаған “қытайтану” ғылымы Қазақ даласында әрі қарай өз жалғасын табудың есесіне сұйылып, суалып барып жоқ болды. Оның әрине, тарихи-әлеуметтік себертері жоқ емес еді. Яғни уақыт көші жылжып ХХ ғасырға келгенде Қазақ даласы еуразиялық алып империяның темір шеңгеліне ілініп, елдік бостандығынан, еркінен айырылып қалды да, қытайтану былай тұрсын, қазақ халқының өзі жоғалып кетуге шақ қалды.

Дей тұрғанмен Қазақстандағы қытайтану ғылымын сөз еткенде әңгімені қытайтанудың кеңестік кезеңінен бастамай тұра алмаймыз. Иә, кеңестік қызыл империя қазақ халқы үшін қасірет апанындай болғанымен, тағы бір жағынан ғылым-білім, әдебиет-мәдениет саласында әлемдік өркениетке қосылуымыз да осы кезең еңшісінде жатқанын жасыра алмасaq керек. Бұған біз қазақстандық қытайтанудың тарихына тоқталсақ та көз жеткізе аламыз. Атап айтқанда, біріншіден, қазақ жұрты “қытай” жөніндегі жүйелі білімді алғаш рет кеңестік кезең тұсында алғаны белгілі. Екіншіден, “қытайтану” деген ғылым бойынша қазақ баласының мамандық ала бастауы да (бірлі-жарым болса да) сол Кеңес Одағы дәуірінің еңшісінде.

Ал енді қытайтану ғылымының көкейкестілігі деген мәселеге келетін болсақ, оның мақсаты мен міндетінің ауқымын әр ел синологтары өзінше сипаттайды. Ол әрине

орынды да. Себебі бұл мәселені әр ел өзінің саяси-әлеуметтік әлеуеті мен мүмкіндігі және содан туындайтын мүддесі тұрғысынан қарастырады. Ал Қазақстан үшін қытайтану ғылымының көкейкестілігі, мақсаты мен міндеттері мына төмендегі жақтардан айқын аңғарылады.

**Біріншіден,** Қытай елі айтып-айтпай, шын мәніндегі адамзаттың ежелгі мәдениет ошағының бірі. Бұл ел сол бай да байырғы мәдени құндылықтарды бүгінге жеткізіп, жалпы адамзат баласының игілігіне айналуына өлшеусіз үлес қосумен де ерекшеленеді. Бұл ретте өзге емес, қытайдың бес мың жылдық жазба жәдігерлерінің өзін адамзат өркениет көшінің сайрап жатқан сорабы десек, оған ешкім дау айта қоймас. Бұған қытайдың адамзат өркениетіне алғаш қосқан “4 ұлы тапқырлығын” (компас, қағаз жасау, қопарғыш дәрі, баспа техникасы) қосыңыз. Қысқасы адамзаттың ту арыдағы бағзылық мәдениетіне, этнографиясына және өзге де тыныс тіршілігіне ден қойып, оны ғылыми зерделеу үшін де көбірек қытайтану ғылымының жетістіктеріне иек артуға тура келеді.

**Екіншіден,** Аспанасты елі — біздің ежелден бергі іргелес жатқан көршіміз. Небір аумалы-төкпелі замандарды басынан өткерген халқымыз “мың өліп, мың тіріле” (Ж.Молдағалиев) жүріп, бүгінге әуіріммен зорға жетті. Сол аумалы-төкпелі замандардың аласапыран дауылдары ата-бабаларымызды жиі-жиі тарихынан адастырып, рухани құндылықтарынан көз жаздырып кетіп отырғанын тарихтан жақсы білеміз. Бүгінде сол өшкен тарихты қайта түлетуде, мәдени мұраларды жаңғыртуда көбіне-көп археологиялық қазбалар мен көрші елдердің жазбаларына жүгінуге мәжбүрміз. Бұл ретте де ең байырғы, біршама жүйелі, бай да құнды деректер қытай мұрағаттарында жатқаны күйіп емес. Алайда сол мұрағаттардың бәрі мөлдіреп тұрған тап-таза ақиқат еді десек, тағы да қатты қателесеміз. Оның өзінде де сол замандағы қытай хандары мен тарихшылардың субъектив пікірі, бұрмаланған деректер мен дәйектердің толып жүргені жасырын емес. Демек ондай қалың қауыздың арасынан өзімізге тиісті дәнді айырып алу үшін де қытайтану ғылымын тереңдетудің маңызы ерекше. Бұл тұрғыдан келгенде біздің елімізде қытайтану ғылымын дамыту тек қытайтану үшін ғана емес, туған халқымыздың тарихын түгендеуге де, рухани құндылықтарымызды зерделеуге де мол пайдасын, игі септігін тигізеді хақ.

**Үшіншіден,** ҚХР бүгінде ғылым-техникасы, мәдениеті, экономикасы, қорғаныс істері т.с.с. салалардағы дамуы бойынша әлемдегі жетекші державалардың қатарынан орын алып отырған ел. Осындай ұшқан құстай орнықты да, қарқынды дамып отырған елдің тәжірибесіне бүгінде әлемнің көптеген елдері қызығушылық танытып отыр. Бізше болғанда бұл елден біздің аларымыз бен үйренеріміз де аз болмауға тиіс. Өйткені социалистік жоспарлы шаруашылықтан нарықтық қатынастарға көшіп, одан қысқа мерзімнің ішінде таңғажайып табыстарға қол жеткізіп отырған Аспан асты елі бізбен 1700 шақырымдық ортақ шекарасы бар көрші ел. Бұл ел кеше ғана Азиядағы мешеу, аграрлық мемлекет болатын болса, бүгінде экономикасы дамыған, ғылым-техникасы өркендеген, бай да қуатты, өнеркәсіптік держава. Ал осы елдің іргесінде жатқан Қазақстан секілді жас мемлекеттің, жай ғана жас мемлекет емес, кеше ғана социалистік жоспарлы шаруашылықтың шекпенінен шыққан, азиялық, көрші мемлекеттің ол елден алар үлгісі, ауысар тәжірибесі тіпті де аз болмауға тиіс. Әрине, несін алып, несін тастау үшін де сол ел туралы азды-көпеі ғылыми зерттеудің, сараптап, саралаудың қажеттігі айтпаса да түсінікті. Тағы бір жағынан миллиардтар елі біздің ел үшін іргемізде жатқан алып базар. Тауарымызды сапалы етіп өндіре білсек болғаны, оны саудалауға алыстан аларман, базар іздемейміз. Алып қытай базарын қамдаудың өзі бізге оңайға түспейді. Ал ол үшін де бұл елдің экономикасын, базарын, халқының сұранысы мен талғамын зерттеуге тура келетіні айтпаса да түсінікті.

**Төртіншіден,** Қытай елі — әлемдік қауымдастықта өз орны бар, Азия құрлығындағы алып держава. Жер бетіндегі тірі адамның  $1/5$ -нен астамы осы елдің тұрғыны. Бір қызығы тура осы алып мемлекет пен біздің еліміздің арасын 1700 шақырымдық шекара сызығы ғана бөліп жатыр. Ал бұл елмен қалай-қалай қарым-қатынас жасау мәселесінде бізді қойып, мұхиттың арғы бетінде жатқан алып империя АҚШ-тан бастап Ресей, Жапония, Германия, Англия, Франция, Канада, Австралия, Үндістан т.б. толып жатқан алып елдердің өзі күніне мың ойланып, жүз толғанады. Тіпті кешегі жарты ғаламды уысында ұстап келген Кеңес Одағының өзі де Аспанасты елімен қарым-қатынасқа ерекше мән беретін болған. Бұл туралы белгілі қоғам қайраткері, қытайтанушы ғалым, дипломат Қ.Тоқаев: “Қытайдың ұлы держава екенін

азды-көпті саясатпен айналысатындардың бәрі мойындайды. Ал бұрынғы Кеңес Одағы үшін Қытай ерекше орны бар ел, онымен сыртқы саясаттың көптеген басымдықтары, сондай-ақ экономикалық ынтымақтастық жолымен халықтың әлауқатын жақсартуға бағытталған көптеген есептеулер жақсы байланыстырылады”, [8] – дейді. Ал АҚШ Гуманитарлық Ғылым Академиясының бұрынғы президенті, тарихшы-ғалым Г.Р.Бойд: “Қытайды тану – бүгінгі адамзат тап болып отырған ең өзекті рухани және әлеуметтік мәселе. Сондай-ақ бұл мәселе күн өткен сайын күрделене түспек” – [9] дейді. Ал осындай әлемнің небір алпауыт елдерін алаңдатып отырған алып мемлекеттің іргесінде жатқан жас мемлекетіміздің ертеңі үшін, тәуелсіздігіміздің тағдыры үшін, екі ел арасындағы достық, көршілік қарым-қатынастарды сақтап қалу әрі оны одан әрі нығайта түсу үшін бұл елді жан-жақты зерттеудің маңызы ерекше.

Өйткені Қазақстан өкіметі көп жылдан бері шығыстағы осы бір алып көршісімен ынтымақтастық қарым-қатынасқа көбірек көңіл бөліп келеді. Егер осыдан сәл бұрынырақта бұл қарым-қатынас үздік-создық жағдайда болып келсе, сол жылдары бұл тұрғыдағы белсенділік екі елде де арта түскені байқалады. Әсіресе Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху-Зиньтау арасында қалыптасқан терең түсіністік пен сыйластықтың арқасында жоғары деңгейдегі кездесулер жүйелі өтіп, соның негізінде екі елдің қарым-қатынасында жоғары нәтижелі жаңа кезеңнің басталғанына біраз болды. Олай болса, екі ел арасында қанатын кеңге жайып отырған қарым-қатынастың осындай қарқындылығы мен ауқымдылығы еліміздегі қытайтану ғылымының алдына жаңа міндеттер жүктейтіні даусыз.

Қысқасы осындай ел болашағы мен мемлекет тағдырына саятын ірі мәселеде біздің ең әуелгі, ең басты сүйенеріміз – ғылым. Яғни біз шығысымыздағы алып көршіміз – Қытай елімен арада болатын барлық мәселеде, қарым-қатынас, барыс-келістің барлық деңгейінде тек қытайлармен (ханьзу) сөйлесеміз, пікір алысамыз. Екі ел арасындағы белгілі бір мәселені шешуде де өзіміздің және қытай елінің мүдде-мүмкіндіктерін ескереміз, есептейміз. Осы тұрғыдан келгенде бұл елді түсінудің, білудің жөні осы екен деп, қытай туралы өзгенің танымын, пікірін қалай болса солай малдану да

жарамайды. Өйткені жоғарыдағыдай көкейкестілік бізден таза қазақстандық қытайтану ғылымын дамытуды талап етеді.

Еліміздің төл мүддесінен туындап отырған осындай мұқтаждықтарына да өзіндік септігі тиер деген сеніммен таңдап алған бұл тақырыбымыз — қазақ және қытай әдебиетіндегі ұлттық дәстүр мен жаңашылдық деп аталады. Тақырыптың алдына қойып отырған мақсат-міндеттеріне жету үшін біз сөзіміздің басында баяндап өткеніміздей, екі елдің ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы әдебиетін, оның өзінде де қазақ және қытай әдебиетіндегі ұлттық дәстүр мен жаңашылдықтың бейнеленуі мәселесін Лу-Шүн және М.Әуезов шығармалары негізінде салыстыра қарастыруды мақсұттадық.

Сөзіміздің осы тұсында басын ашып айта кетер бір мәселе, біз бұл жұмысымызда екі жазушының шығармашылын салыстырғанда, әсте олардың шығармаларындағы көркемдегіш құралдары, шығармашылық тәсілдерді, бейнелеудің ерекшеліктерін, тілі, потикасы, т.б. секілді таза әдеби жасампаздыққа ғана қатысты категорияларын салыстыруды басты мақсұт етпейміз. Оның есесіне біз, екі ұлы суреткер өз халықтарының ұлттық дәстүрлеріне қандай позиция ұстады (несінен үйренді, несінен жиренді, несін құптады, несін мансұқтады...дегендей), қандай сипаттағы жаңашылдықты қолдап-қуаттады, сол арқылы өз замандары мен қоғамдарына (әдебиетіне, мәдениетіне, ой-санасына...) қандай ықпал етті деген мәселелерге олардың әдеби жасампаздықтарынан жауап іздейміз. Демек біз сөз болып отырған екі әдебиеттің қарайлас кезеңін хронологиялық фон ретінде ала отырып, замандас екі қаламгердің шығармаларындағы ұлттық дәстүр мен жаңашылдықтың бейнеленуін салыстыра қарастырамыз. Сол арқылы екі әдебиеттегі, екі қаламгердегі ортақ азаматтық сарындарды, қаламгерлік үндестіктерді, өзіндік ерекшеліктерді ашуға тырысамыз. Сонымен бірге осы сарындастықтың, үндестіктің неге өзгешеліктің әлеуметтік, рухани себеп-салдарын, заңдылықтарын түсіндіруге ұмтылыс жасаймыз. Қысқасы біздің жұмысымыздың басынан аяғына дейін тартылып жататын негізгі алтын арқау, ол — ұлттық дәстүр мен жаңашылдық мәселесінің көркем шығармада бейнеленуі болып табылады.

Сөзіміздің осы тұсында ұлттық дәстүр мен жаңашылдық мәселесіне де аз-кем тоқтала кетуге тура келеді. Бұл арада “ұлт” деген ұғымға анықтама беріп жату басы артық шаруа болар еді. Ал “дәстүр” ұғымы халықарада көптеген елдерде



“Tradition” (традиция) деп аталып отырған болса, осындағы “Trade” о баста латын тіліндегі “қолөнер” деген ұғымды білдіретін сөзден бастау алған. Кейіндеп бұл ұғымның аясы барған сайын ұлғайып, бүгінгі белгілі бір ұлттың ту бағзыдағы ата-бабасынан бермен қарай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ой-сана, этика, салт-сана, психология, әдебиет, өнер, заң, басқару жүйесі секілді салаларын білдіретін “дәстүр” (“Tradition”, традиция) деген ұғым болып қалыптасты. Ал ұлттық дәстүрдің мазмұндық ерекшелігіне белгілі дәстүртанушы ағылшын ғалымы Я.М.Карр мынадай сипаттама береді: “1). дәстүр ұлттың ұзына тарихы бойында жинақталады. Ол ата-бабалар білімі мен ой-санасы арқылы мына заманға жетіп отырған болса, белгілі деңгейде жаңғырып, жаңаланып келесі ұрпаққа жол тартады. 2). Дәстүр түптеп келгенде ұрпақтан-ұрпаққа сол ұлтың білімі, нақтылап айтқанда ұғым-түсінігі ретінде жалғасады, ауысады. Бұл ауысу негізінен мағналық таңбалар жүйесі, тіл, образдар мен ұғымдар арқылы, үйрену, алмасу, еліктеу, ынталану, қабылдау тәсілдері арқылы жүзеге асады. 3). Дәстүрдің барлық мазмұны түгелге дерлік тілде, тұрмыс салтта, фольклорда, заң және басқару жүйесінде, өнерде, тұрмыстық тұтыну бұйымдарына жинақталады әрі солардың тінінде өмір сүреді. 4). Дәстүр негізінен ұлттың рухани тірлігіне нұсқаушылық және теңгермешілік роль атқарады.” [10]

Ал енді аз сөз жаңашылдық туралы. Жаңашылдық (кей әдебиеттерде осызамандану деп те айтылады. Қытай тілінде 现代化, орысша современность) әуел баста ғаламдық сипаттағы экономикалық, әлеуметтік науқан ретінде өмірге келгенімен, көп ұзамай ой-сана, ғылым-білім, әдебиет пен өнер, сенім-наным, саяси-заң, қала берді тұрмыс-салт т.б. өмірдің барлық саласында кеңінен қанат жайды. Дүниежүзінің таяу заманнан бермен қарайғы тарихына назар аударатын болсақ, бұл үрдіске әлемнің барлық елдерінің бірі ерте, бірі кеш, бірі тез, бірі баяу болса да бет бұрғанын аңғару қиын емес. Біз сөз етіп отырған Қазақ және Қытай елдерінде де бұл ұғым ХІХ ғасырдың соңғы жартысынан бастап өмірге ене бастаған болса, ХХ ғасырдың басына келгенде ол мүлде жаңа сапаға көтеріліп, жалпыұлттық және жалпықоғамдық ауқымға айналды. Жаңашылдықтың мазмұнына келетін болсақ, оның қамтитын ауқымы туралы Тайвань ғалымы Яң-Гошү (杨国枢) өзінің “现代化的心理适应” (Жаңашылдықтың психологиялық

үйлесімі) атты еңбегінде АҚШ ғалымы Хиллер Бурэиктің мынадай пікіріне жүгінеді: “Жаңашылдық – осы замандық қоғамның негізгі сипаты. Ол өз ішіне мынадай мазмұндарды қамтиды: 1). Қоғамды демократияландыру. 2). Заң жүйесін жетілдіру. 3). Елді өнеркәсіптендіру. 4). Қалалану. 5). Ортақ аумақтану. 6). Қолайлы өмір орнату. 7). Әлеуметтік жіктердің белсенділігін арттыру. 8). Діни фанатизмді жою. 9). Білім беруді жалпыластыру. 10). Ғылым-техниканы дамыту. 11). Ақпараттандыруды дамыту. 12). Демографиялық саясат. т.б.” [11]. Жалпы жаңашылдық туралы, оның қамтитын мазмұны туралы бұл сипаттамаға әрі қарай түсініктеме беріп жатудың қажеті шамалы деп білеміз. Оның есесіне, біз жоғарыда айтқанымыздай, ХХ ғасыр басында дәстүрлі Қазақ және Қытай-қоғамдарының жаңашылдық үдерісінің жойқын бетбұрысымен бетпе-бет келгенін айтар едік. Себебі сан ғасырлардан бермен қарай ел тірлігінің қыбланамасы болып келген ұлттық дәстүр жаңашылдық үдерісі алып келген “жаңалықтарды” құшақ жая қарсы алған жоқ.

Өйткені ұлттық дәстүр мен жаңашылдық қай кезде де бір-бірімен өзара қарама-қайшылықта өмір сүретін, бірін бірі өзара мансұқтай отырып, бір-бірін толықтап, жетілдіріп отыратын, ұлт өміріндегі маңызды мәдени құбылыстар. Жаңашылдық (современность) ешқашанда көктен түспейді, жерден шықпайды. Оның қайнар көзі, тамыры, бастау-бұлағы — ұлттық дәстүр деп сенімді түрде айтуға болады. Бірақ ең басты мәселе оның қайдан шыққандығында, кімнің бастау-бұлағынан нәр алғандығында. Белгілі бір ұлттық дәстүрдің өзге жақтан келген жаңашылдықты жатырқайтыны, тез қабылдамайтыны сондықтан. Алайда ұлттық дәстүр дегеніміздің өзі де тарихи категория болғандықтан, ол екібастан тарихтың салқар көші барысында туып, жинақталып, қалыптасқан. Яғни ол өзгермейтін, қатып-семіп қалған құбылыс емес. Демек ол қанша қасарысқанымен уақыт өте келе, заман оза келе, оның мазмұны мен формасы өзгеріп, жаңғырып, дамып отырады. Осы өзгеріс пен жаңғыру, осы даму — біз айтып жүрген өркениет дейтін болсақ, оның жүзеге асуына көбінде жаңашылдықтың өзекті идеялары мен тұғырнамалары негіз болады. Ал ондай идеялар мен тұғырнамалар көп жағдайда ұлттың рухани көш басшылары, ұлы ойшылдар, алғабасар, жасампаз тұлғалар тарапынан өмірге келеді.

Тағы бір жағынан біз ұлттық дәстүр мен жаңашылдық, олардың өзара байланысы деген мәселені ауадан алып немесе жоқтан жонып тауып отырған жоқпыз. Батыс елдерінде ХХ ғасырдың 50-60-шы жылдарында, Шығыс елдерінде 80-шы жылдардан бастап мәдениеттану ғылымы сахнасына шыққан ұлттық дәстүр мен жаңашылдық, олардың өзара байланысы деген мәселе, қысқа мерзім ішінде қанатын кенге жайып, бүкіл гуманитарлық ғылымдарды зерттеудің өзекті әдіс-тәсіліне, басты тұғырнамасына айналды [10,484]. Осылайша ол дүниежүзі ғалымдарының ұлт мәдениетін, әдебиеті мен өнерін, діни сенім-нанымын, қала берді тарихын зерделеудегі бастапсанау нүктесі, табан тірер тиянағы болып қалды. Оның әрине, өзіндік тарихи негізі, ғылыми қисыны жоқ емес еді.

Бұған көз жеткізу үшін, гуманитарлық ғылымдардың бәрін адақтап жатпай-ақ, бір ғана әдебиетті алайықшы.

Әдебиет – сөз өнері деген бар. Сонымен бірге әдебиеттің басты міндеті адам жанын ашу, оның сырына үңілу. Бұл сол “сөз өнерінің” негізгі мақсаты, өзекті принципі. Яғни әдеби шығарма адамды жазады, адам жанын бейнелейді. Әдеби шығармада бейнеленген әрбір образ – ол, түптеп келгенде белгілі бір ұлттың, белгілі бір мәдениеттің өкілі, сондай-ақ белгілі бір заманның перзенті. Осы тұрғыдан келгенде өзге халықты танып-білудің, оның менталитеті туралы жеткілікті сауатқа ие болудың бай мазмұнды оқулығы – әдеби шығарма. Біз қандай шығарма оқысақ та сол шығармада белгілі бір ұлттың өмірімен танысамыз, сол ұлттың адамдарымен “аралас-кұралас” боламыз, “жақсы-жаманын” көреміз. Демек белгілі деңгейде сол ұлттың менталитетін аңғарамыз. Саналы оқырман оны өз халқының өмірімен, болмысымен салыстыру арқылы ол шығармадан өзінше ой түйеді, баға береді. Сол арқылы белгілі бір халық туралы оқырман көкейінде өз пікірі өркен жаяды. Бір халықты өзгелерге таныту деген, әрине, қағаз жазып, қалам ұстаған кез-келген жазушының қолынан келе бермейді. Себебі тұтас ұлттың өмір сүру формасын, тіршілік дағдысын, арман-аңсарын, махаббат-ғадауатын көркем образдар арқылы бейнелеп беруге мол білім, биік парасат, үлкен суреткерлік талант керек. Сонда ғана ол шығарма діттеген биіктен табылуы мүмкін. Осындай шығармалар бере алған жазушылар ғана талантты суреткер деген атқа лайық болмақ. Ал тұтас ұлттың өмір сүру формасын, тіршілік дағдысын, арман-аңсарын, махаббат-ғадауатын көркем образдар

арқылы бейнелеп берумен ғана шектелмей, оған сын көзбен қарап, туған халқының тірлігі мен тағдырына бетбұрыс жасауды көздесе, әрі ол қадамы қоғам дамуына игі ықпал етсе, яғни ұлтын оятса, елінің еңсесін көтерсе, сол арқылы тұтас елінің рухани бет-бейнесін өзгертсе – ондай қаламгерді тек “классик жазушы” немесе “ұлы суреткер” деу аз, бізше болғанда ондай тұлғаны “ұлт ұстазы” десе жарасады. Себебі ондай қаламгердің шығармаларын сол ұлт туралы жазылған оқулық, энциклопедия десе де болады.

Л.Толстой: “Орыс халқының ұлылығын түсіну үшін өткен өмірін – тарихының түбірлі кезеңдерін, орыс мінезі қалыптасқан трагикалық һәм шығармашылық дәуірлерді терең біліп алу керек” – депті [12,76]. Қолына қалам ұстаған адам үшін бұл табылған сөз, аксиома! Тек “орыс” деген сөздің орнына әр қаламгер өзінің туған халқын қойса жетіп жатыр. Осы реттен келгенде Лу-Шүн өзінің күллі әдеби шығармалары арқылы бүкіл дүниежүзіне, қала берді өз отандастарына, керек десеңіз тіпті – қытайлардың өзіне де “қытай” (汉族) дегеннің кім екенін танытты. Нақтырақ айтқанда, яғни А.Толстой сөзімен бейнелесек, Лу-Шүн қытай халқының ұлттық болмысын, оның өткен өмірін, өзі өмір сүрген кезеңдегі хал-ақуалын, тарихын, тарихының түбірлі кезеңдерін, қытай мінезі қалыптасқан трагикалық һәм шығармашылық дәуірлерді ғажайып көркемдік қуатпен жарқыратып ашып, жан-жақты айқындап, терең түсіндіріп берді. Сондықтан да бүгінде Лев Толстойды оқымай орысты, Бальзакты оқымай французды, М.Әуезовті оқымай қазақты білдім деу қандай мүмкін болмаса, Лу-Шүнді оқымай қытайды білдім деу де сондай мүмкін емес.

Бір қызығы осы санаттағы қаламгерлердің шығармалары даусыз-дамайсыз, өз халқының шексіз құрметіне бөленеді, тіпті әлемді шарлап кетеді. Не үшін? Себебі өзгені білмекке құштарлық әлемде жасап жатқан күллі адам баласының бәріне ортақ қасиет. Алайда білгісі, көргісі келген елді көзімен көру, оның тыныс-тіршілігімен танысу мүмкіндігі әлемде жасап жатқан адам баласының бәрінің маңдайына бұйыра бермейді. Сонымен бұл мақсатты көп адам еріксіз қағаз жүзінде – кітаптан оқу арқылы жүзеге асырады. Сөйтіп оқырман әдеби шығармасы арқылы өзінің білу талабы мен эстетикалық сұранымына жауап берген қаламгерге көңілінің төрінен орын береді. Ал қаламгердің өз халқы болса туған халқын әлемге танытқан, сондай-ақ оның (өз ұлтының) өсуіне, кемелденуіне

ерекше ықпал еткен жазушысын төбесіне көтереді. Мақтайды, мактанады.

Ал біз сөз еткелі отырған — тағдыр-талайларынан тартып, шығармаларына дейін салыстыра, салғастыра қарастырғалы отырған — қос қаламгер өздерінің туған халықтары үшін жай ғана ұлттық мақтаныш емес, ұлт ұстазы, халық ағартушылары. Сол үшін де олар өз халқының ұлттық дәстүріндегі ненің асыл, ненің жасық екенін, ненің озық, ненің тозық екенін, әлем халықтарынан қандай жаңашылдықты, нендей өркениет құбылыстарын қабылдап, қандайынан бас тарту керектігін ылғи да өздерінің шығармаларына өзек ете отырып, тарих пен тағдыр жүктеген ұлы миссиясын абыроймен орындаған ұлы тұлғалар. Сөздің осы тұсында Н.Тихоновтың М.Әуезов туралы айтқан мына сөзі ойға оралады: “Егер Мұхтар Омарханұлының шығармашылық және өмір жолын қадағалап отырсақ, ол айдай әлемге өзінің халқы туралы айту үшін туған және ол мұндай жауапты да ұлы миссияны орындап шықты” [13,8]. М.Әуезовтің атына айтылған тура осы сөзді Лу-Шүнге қолдануға да әбден болады. Демек екі халық зиялыларының ұлттық дәстүрлі мәдениет пен жаңашылдыққа ұстаған позицияларын, және оны шығармаларында қалай бейнелегенін салыстыру арқылы біз тек қаламгерлердің жазушылық қырын, талантын ашумен ғана шектелмейміз, сонымен бірге біз өзге жұрттың ұлттық менталитетін, дүниетанымын, халықтың діні мен ділін, мұрат-мақсатын, өз халқымызға ғылыми тұрғыдан ашып беруге толық мүмкіндік аламыз. Мұндайда, әрине, жоғарыда айтқанымыздай, екі халықтың тұтас әдебиетін, барлық қаламгерлерінің бүкіл шығармаларын салыстырып шығу бір зерттеу еңбегінің ауқымына сия қойайтыны өз алдына, әрі ол соншалық ғылыми қарекет те болмас еді.

Сондықтан біз осы зерттеуіміздің ұзына бойында негізінен М.Әуезов пен Лу-Шүннің көркем және ғылыми, публицистикалық шығармаларындағы ұлттық дәстүр мен жаңашылдыққа ұстаған позицияларын, сол туралы ой-пікірлерін салыстыра қарастырамыз. Әрине, қажетіне, ретіне қарай өзге де қазақ және қытай қаламгерлерінің шығармаларын салыстыруға орын беріледі. Ал негізгі салыстыру объектісі ретінде М.Әуезов пен Лу-Шүн таңдап алуымыздың тағы бір себебі екі қаламгер тек замандас болғандықтан ғана емес, оның үстіне олар өмір сүрген ХХ ғасырдың алғашқы жартысы жалпы жер жүзінде ұлттық дәстүр мен жаңашылдық теке-тіресіп, өзара безбенге

түсіп тұрған кезең еді. Осы бір өтпелі кезеңнен ұлтты ұлығаусар ұтылыстарға жібермей алып шығу ұлы міндеті де Қазақстанда М.Әуезов бастаған, Қытайда Лу-Шун бастаған ұлт зиялыларының маңдайына жазылған тарихи миссия болатын. Бұның өзі де біздің осы зерттеуімізде алға қойған мақсатымызға сай келетін құбылыс екені шүбәсіз.

Қысқасы шығысымыздағы алып көршіміз бен біздің еліміз арасындағы әр сала бойынша қанатын кеңге жайып, қауырт дамып келе жатқан достық, тату көршілік қарым-қатынас, әрісі біздің жалпы тұрғындарымызға, берісі зиялы қауым мен жас ұрпаққа Қытай елін тану, хань халқының ұлттық менталитетін білу, бір ауыз сөзбен айтқанда елімізде синология ғылымын жандандыру міндетін жүктеп отыр десек еш артық айтқандық емес. Себебі қытай елін тану, хань халқының ұлттық менталитетін білу біз үшін тек екі ел арасындағы достық қарым-қатынасты ақаусыз, бейбіт, қатар өмір сүру принциптері негізінде дамытуда ғана емес, ел қауіпсіздігі мен мемлекет тағдыры үшін де маңызды. Сондықтан әлемнің өркениетті елдерінде кеңінен қанат жайып отырған қытайтану ғылымын Қазақ елінде де өркен жайдыру мен қалыптастыру, Қазақ және Қытай елдері әдеби-мәдени байланыстарын нығайту мен ақаусыз дамыту, сондай-ақ бүгін де әлемнің көптеген елдерінде өз алдына іргелі ғылымға айналып үлгерген лу-шунтану ғылымын біздің елімізде де қалыптастыру — бүгінгі Қазақ елі мен қоғамы алдындағы кезек күттірмес, аса көкейкесті міндетке айналғалы қашан?! Біздің бұл жұмысымыз еліміздегі осы зәрулік пен қажеттілікке де белгілі деңгейінде өз септігін тигізеді деп есептейміз.

Бұдан тыс, Қазақ әдебиеті, сөз жоқ, әлемдегі озық, өскен, өркендеген әдебиеттердің бірі. Бұл ақиқат Кеңес одағы тұсында дүниежүзінің біраз елінің оқырмандарына әжептәуір белгілі болатын. Ал тәуелсіз ел құрудың, экономикалық реформалардың қамымен кеткен соңғы 10—15 жылда жалпы қазақ әдебиетінің әлем елдері әдебиеттерімен қарым-қатынасы үзіліп қалды деуге болады. Бүгінде экономикамыз өркендеді. Қуатты, дамыған елдер қатарына қосылуға қамғып жатырмыз. Жаһандану дейтін ұлы көш баяғыда басталып кетті. Ендігі жерде қазақ әдебиеті мен мәдениетін көтеру, оны өзгелерге танысыру, таныту — біздің ең өзекті, ең көкейкесті қарекетіміз болуға тиіс. Бұндайда әдебиетіміз бен мәдениетіміздегі ұлттық ен-таңбасы айқын, өнерлік, өмірлік

құны жоғары құбылыстармен қоса, талассыз таланттарды зерттеу, таныстыру, насихаттау ісі басты мұрат болу керек. Осы тұрғыдан келгенде ұлы суреткер М.Әуезовті миллиардтар елінің ең бетке ұстар қаламгері, ұлы ойшыл, классик жазушысы Лу-Шүнмен салыстыра, салғастыра қарастыру — әрісі жалпы қазақ әдебиетінің даму деңгейін тіптен ашып көрсетуде, қазақ қаламгерлерінің суреткерлік парасаты мен талантын ұрпақ санасына одан сайын сіңіре түсуде, сонымен бірге соңғы жылдары тек ел ішінде байырқалап қалған әуезовтану ғылымы көкжиегінің кеңейе түсуіне де өз септігін тигізеді деп сенеміз.

Әрине біз М.Әуезов пен Лу-Шүнді салыстыруда алғашқы қадам жасап отырғанымызбен, аталған екі суреткерді жеке-жеке зерттеу ісі олардың өз отандарында әлдеқашан жүйелі ғылымға айналып үлгіргені белгілі.

Қазақ елінде бүгінге дейін ХХ ғасыр басындағы Қазақ әдебиеті аз зерттелген жоқ. Әсіресе әдебиеттанушы ғалымдардан — Б.Кенжебав, М.Қаратаев, А.Нұрқатов, Ы.Дүйсенбаев, З.Қабдолов, З.Ахметов, Р.Бердібай, С.Қирабаев, Р.Нұрғалиев, Т.Кәкішев, Х.Сүйіншәлиев, Е.Лизунова, Л.Әуезова, Ш.Елеукенов, М.Мырзахметов, Т.Жұртбай, Б.Құндақбаев, К.Сыздықов, Ә.Молдаханов, А.Еспенбетов, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, З.Бисенғалиев, Қ.Алпысбаев, Б.Мамыраев, Б.Әбдіғазизұлы, Р.Тұрысбек, Д.Қамзабекұлы, Б.Жақып қатарлы ғалымдар өз еңбектерінде сөз болып отырған кезеңдегі әдебиеттің әр түрлі мәселелерімен қоса, жекелеген қаламгерлердің шығармашылығын жан-жақтылы, жүйелі қарастырды [14]. Аталған ғалымдардың ішіндегі М.Әуезов шығармашылығын арнайы қарастырған еңбектерін айтпағанның өзінде, тақырып қажетіне орай бәрі дерлік М.Әуезовке жанамалай болса да соғып отырғаны белгілі. Ал Қытай елінде ХХ ғасыр басындағы қытай әдебиетін, Лу-Шүн шығармашылығының зерттелуі де бір сәт толас тапқан емес. Бұл ретте қытай ғалымдарынан Пың-Диңан (彭定安), Чың-Джыджүн (程致中), Уаң-Яо (王瑤), Чянь-Личунь (钱理群), Тчын-Йон (陈涌), Лин-Фэй (林非), Тчын-Миңшу (陈鸣树), Джу-Дыфа (朱德发), Ба-Жэнь (巴人), Жинь-Хунда (金宏达), Лию-Зайфу (刘再复), Джаң-Мыңяң (张梦阳), Джү-Шияожинь (朱晓进), Джын-Синмяо (郑欣淼), Жияң-Джынчан (姜振昌), Шүй-

Хуайджун (许怀中), У-Сияомей (吴小美), Уаң-Жие (王杰), Джаң-Жияншың (张建生), Линь-Джыхао (林志浩), Линь-Шянджы (林贤治), Яң-И (杨义), Уаң-Фужэнь (王富仁), Ли-Сифань (李希凡) Ли-Шиньюй (李新宇), Фаң-Сияндун (房向东) бастаған ғалымдардың еңбектерін атауға болады [15]. Алайда екі елде де М.Әуезов пен Лу-Шүн шығармашылығы қанша жерден жан-жақты қарастырылып жатыр десек те, олардың ашылмаған қырлары әлі де мол. Сол қалың қатпарды ашудың бір жолы салыстыру (компаративистика,) ендік салғастыру (параллел). Яғни біз осындай салыстырулар мен салғастырулар арқылы олардың шығармашылық қырын, ондағы идеялық-көркемдік ерекшеліктерді одан әрі ашуға мүмкіндік аламыз. Бұл ретте қытай ғалымдары Лу-Шүнді Гогольмен, Чеховпен, Достоевскиймен, Балзакпен, Тургеновпен, Горкиймен, Ницшемен салыстырып біраз еңбектер жазғаны белгілі [16,227]. Ал қазақ ғалымдары да М.Әуезов пен әлем классиктерін салыстыру жағында күр алақан емес [17,147]. Алайда оның дені біріншіден, арнайы, тұтас қарастырылған салыстыру емес, екіншіден, ол еңбектерде негізінен салыстырудың бойлық тәсілі қолданылғаны белгілі. Тек академик Р.Нұрғалидың М.Әуезовтің “Көксерегін” Эрнест Сетон-Томпсонның “Лобо” атты әңгімесімен, Джек Лондонның “Ақазу” романымен салыстыра қарастырған еңбегі ғана салыстырмалы әдебиеттанудың параллел зерттеу ағымының тамаша үлгісі ретінде қабылданғанын атап айтуға тиіспіз. Ал одан басқа еңбектердің көбінде М.Әуезовтің батыс, шығыс классиктерінен қандай үлгі-өнеге алды? дегенге жауап іздеуге бағытталғаны жасырын емес. Ал М.Әуезовтың қаламгерлік қарымын, парасатын паш ететін параллел салыстыру жағы әлі де болса кем соғып жатқаны ашы да болса ақиқат. Біздің бұл зерттеуіміз, яғни М.Әуезов пен Лу-Шүн шығармашылығын, дәлірек айтқанда олардың шығармашылығындағы ұлттық дәстүр мен жаңашылдықтың бейнелену ерекшелігін салыстыру осы олқылықтың орнын толтыруға өзіндік септігін тигізеді деп сенеміз.

Қандай ғылыми еңбек болмасын, оның салмағы, құны оның көкейкестілігімен қоса, жаңалығымен де, тың мәселелерді шешіп беруімен де өлшенеді десек, біздің бұл зерттеуімізде тұңғыш рет Қазақ және Қытай елдері әдебиетін